ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 қараша №2301-23-00-2/1985 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ғабдол Сланов атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Еслямова» – Алтынай Бахтагалиевна Еслямова,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М.Қыстаубаева,
талап қоюшы өкілі А.С.Қобдаған,

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 14 шілдеде тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №96 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 29 шілдеге дейін талап қоюшыға 11 180 теңгеге гүлдерге арналған қыш құмыра әкелуге міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, тауар әлі күнге дейін жеткізілмегенін, жағымсыз салдарының бар екенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап арыз қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшының уәжіне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті тауар жеткізілмеді. Сот отырысында талап арызда көрсетілген уәждер өз дәлелін тапты.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 25 тамызда жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 21.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 22.12.2023
2301-23-3-1/2271

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2023 жылғы 30 шілде мен 2023 жылғы 22 тамыз аралығындағы 24 күн үшін 268,32 теңге деп есептеген.

Сот, бұл есепті дұрыс деп санайды. Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою қанағаттандырылуға, жауапкерден мемлекет кірісіне 268 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге және 8 теңге, барлығы 1733 мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Ғабдол Сланов атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Еслямова» – Алтынай Бахтагалиевна Еслямованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер ««Еслямова» – Алтынай Бахтагалиевна Еслямова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Еслямова» – Алтынай Бахтагалиевна Еслямовадан мемлекет кірісіне 268 (екі жүз алпыс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбын, 1 733 (бір мың жеті жүз отыз үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 21.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 22.12.2023
2301-23-3-1/2271

талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «22» желтоқсан 2023 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 21.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.12.2023, судья Султангалиева А. Е., 22.12.2023
2301-23-3-1/2271